

Хаттама №1

«Балқаш қаласы М. П. Русаков атындағы жалпы білім беретін № 2 санаторлық мектеп-интернаты» КММ білім беру мен тәрбиелеу міндеттеріне сәйкес келмейтін интернет желісіндегі ресурстарға оқушылардың кіру рұқсаттарын шектеу, реттеу жұмыстары комиссиясының отырысы

14.09.2018

Қатысты: Жамшыбаева П.С. Н.С. Рахимберлина, М.Н. Сулейменова, С.В. Дозморев, Ш.А. Алиева, психолог Асылханова А.А.

Күн тәртібінде:

1. Информатика, мультимедия кабинеттерінде Интернетке кіру рұқсаттарын шектейтін Интернет-цензор бағдарламасының жұмысы туралы, шектеу түрі. «Компьютерлік сыныптарда оқушыларға арналған техника қауіпсіздігі Ережесінің» интернет контенттерге кіру журналын жүргізу туралы ақпарат. Алиева Ш.А.
2. Балалар мен жасөспірімдер арасында жағымсыз контенттерге кіру рұқсатын алдын-алу бойынша ата-аналар жиналыстарын жоспарлау туралы. «Қауіпсіз интернет» бағыты бойынша іс-шараларды жоспарлау. Сулейменова М. Н.
3. «Әлеуметтік желілер сарптамасы» жүйесінде жұмысты ұйымдастыру туралы. Асылханова А.А.

Тыңдалды:

1. Білім беру мен тәрбиелеу міндеттеріне сәйкес келмейтін интернет желісіндегі ресурстарға оқушылардың кіру рұқсаттарын шектеу, реттеу мақсатында жауапты болып информатика пәнінің мұғалімі Алиева Ш.А тағайындалған, информатика мен мультимедия кабинеттеріндегі Интернет-цензор бағдарламасы туралы айтып, мүмкіндіктері мен шектеу деңгейі туралы мәлімдеді. Шектеу деңгейі – жоғары, кіру рұқсаты – тек бағдарлама баптаулары туралы «ақ» сайттарға кіру рұқсат етілген. «Ақ» сайттар тізімі, мектеп директорының қолымен бекітілген. «Компьютерлік сыныптарда оқушыларға арналған техника қауіпсіздігі Ережесінің» интернет контенттерге кіру журналын жүргізу туралы ақпарат Алиева Ш.А. ақпарат берді. «Компьютерлік сыныптарда оқушыларға арналған техника қауіпсіздігі Ережесінің» интернет контенттерге кіру журналын уақытында жазуларды енгізіп, кіру тарихын қадағалауды қатаң бақылауға алу ұсынылады, журналдардың ішіндегі жазулардың өзектілігін қадағалау Алиева Ш.А. Кабинеттегі техника қауіпсіздігі журналында инструктаж жасау барысында, міндетті түрде жағымсыз контенттер туралы оқушыларды таныстырып, нұсқаулық беру.
2. Балалар мен жасөспірімдер арасында жағымсыз контенттерге кіру рұқсатын алдын-алу бойынша ата-аналар жиналысын ұйымдастыру шараларын М.Н.

Сулейменоваға тапсырылды. Сынып тәрбиешілері мен жетекшілері туындаған проблема туралы ата-аналарды таныстырып, толық ақпарат беру ұсынылды. Жыл ішінде тәрбие жұмыс жоспарына «қауіпсіз интернет» тақырыбында іс-шараларды жоспарлау, оның ішінде «Қауіпсіз мектеп», «Қауіпсіз интернет», т.б. республикалық акцияларында іс-шараларды хат негізінде жоспарлап, сапалы өткізіп, өтілу туралы ақпаратты дер кезінде тапсыру ұсынылды.

3. «Әлеуметтік желілер сараптамасы» жүйесінде жұмысты ұйымдастыру туралы Асылханова А. А. 5-ші сынып тәрбиешілеріне, және жаңадан келген оқушылардың сынып тәрбиешілеріне келісім мен оқушылардың ВК желісінде аккаунттарын анықтап жазатын қосымшаларын таратып, жұмыс бастағаны туралы айтты. Директордың ақпараттандыру ісі жөніндегі орынбасарымен бірлесе отырып, сынып жетекшілерімен бірге «Әлеуметтік желілер» жүйесіндегі жұмыс барысымен таныстыру мақсатында таныстыру ұйымдастыру жиналысы өткізілсін деген тапсырма берілді. Сонымен қатар, мектеп психологына жүйеде сканерленген нәтижелермен жұмыс жасау, есебін әр айдың 25-дейін құру тапсырылды. Есепті әр айдың 26-дейін қалалық білім бөліміне тапсыру жүктелді.

Комиссия қаулы етеді:

1. «Компьютерлік сыныптарда оқушыларға арналған техника қауіпсіздігі Ережесінің» интернет контенттерге кіру журналын уақытында жазуларды енгізіп, кіру тарихын қадағалауды қатаң бақылауға алу ұсынылады, журналдардың ішіндегі жазулардың өзектілігін қадағалау Алиева Ш.А., жүктелсін. Кабинеттегі техника қауіпсіздігі журналында инструктаж жасау барысында, міндетті түрде жағымсыз контенттер туралы оқушыларды таныстырып, нұсқаулық беру.
2. Балалар мен жасөспірімдер арасында жағымсыз контенттерге кіру рұқсатын алдын-алу бойынша ата-аналар жиналысын ұйымдастыру, жаңа оқу жылының жоспарына алдын алу шараларын енгізу М.Н. Сулейменоваға тапсырылысын.
3. Қазан айында информатика кабинетінде интернет контенттерге кіру тарихын тексеру Алиева Ш. А. жүктелсін. Тексеріс бойынша акт құрылсын.
4. «Әлеуметтік желілер» жүйесіндегі жұмыс барысымен таныстыру мақсатында таныстыру ұйымдастыру жиналысы өткізілсін, мектеп психологына жүйеде сканерленген нәтижелермен жұмыс жасау, есебін әр айдың 25-дейін құру тапсырылды. Есепті әр айдың 26-дейін қалалық білім бөліміне тапсыру жүктелді.

Хатшы Алдақиярова А. А.